




Орындаған:Қарабаева А.Б 702

Тексерген:Ильясов Е.Н

ТУБЕРКУЛЕЗ ЖӘНЕ ТЫНЫС АЛУ МҮШЕЛЕРІНІҢ СОЗЫЛМАЛЫ БЕЙАРНАМАЛЫ АУРУЛАРЫ

- 
- Туберкулез кезінде кездесетін тыныс алу мүшелерінің созылмалы бейарнамалы ауруларына созылмалы бронхит, созылмалы пневмония, тыныс тұншықпасы, бронхоэктазиялар, өкпе абсцесі, өкпе эмфиземасы жатады.


- Өкпе туберкулезі мен ӨСОА байланысты екі жағдайды бөледі:
- 1) туберкулезбен ауырмас бұрын өзінде ӨСОА болған науқастар, яғни өкпедегі бейарнамалы өзгерістер салдарынан туберкулез дамыған.
- 2) туберкулезді процесс фонында дамыған екіншілік ӨСОА ауырған науқастар

Туберкулезбен ауырмас бұрын өзінде ӨСОА болған науқастар


- ӨСОА-ның жиі асқынуы туберкулез суперинфекциясын немесе реактивацияның ерте фазасын тудыруы мүмкін. Жиі туберкулезбен бірге созылмалы бронхит және созылмалы пневмония кездеседі. Өкпедегі созылмалы бейарнамалы процестер басқа да аурулармен қосылып туберкулезді асқындырады. Мұндай науқастарда ӨСОА жылына бірнеше рет қайталанып, туберкулездің өршуін тудырып отырады.

Туберкулезді процесс фонында дамыған екіншілік ӨСОА

- Туберкулез фонында ӨСОА дамуы бронхтардың зақымдалуы мен өкпеде туберкулездік процестің таралуын тудырып, сонымен қатар өкпедегі және бронхтағы жедел қабыну аурулары созылмалы түрге ауысып отырады. Бронх ағашындағы тыртықтық өзгерістер, бронх кілегейінің трансформациясы, өкпеде дәнекер тінінің пайда болуы созылмалы қабыну ауруларын тудыруға мүмкіндік береді.

- 
- Бейарнамалы эндобронхит туберкулезбен ауырған науқастарда ұзақ сақталады. Көпшілігінде емделеді, бірақ бронхтың қорғаныш қызметі бұзылады: түтін, темекі, өндірістік шаңдар, инфекцияға сезімталдығы жоғарылайды.

- Диссеминирленген туберкулез кезінде жайылмалы пневмосклероз, диффузды бронхит және өкпе эмфиземасы дамиды.
- Фиброзды-кавернозды туберкулездің жазылуы бронх-өкпелік құрылымның деформациясын және бронхоэктаздардың дамуын тудырады.
- Туберкулезбен емделген әрбір 10-адамда созылмалы пневмония кездеседі.

- 
- Өкпе эмфиземасы салыстырмалы түрде сирек кездеседі. Жиі ол тыныс алу мүшелерінің кәсіби ауруларында және қарт жаста туберкулезбен ауыратын науқастарда кездеседі.
 - Тыныс тұншықпасы да туберкулезбен бірге сирек кездеседі.

- Туберкулез бен тыныс алу мүшелерінің бейарнамалы ауруларының әртүрлі нозологиялық түрлерінде:
- Жиі интоксикация белгілері – дене температурасының жоғарылауы, әлсіздік, тершеңдік, шаршау
- Айқын бронхопульмональдық-плевральды синдром – қақырықты жөтел, кеуде қуысында ауырсыну, ентигу
- Аускультацияда жиі сырылдар (жиі құрғақ)
- Гемограммада айқын өзгерістер – жоғары лейкоцитоз және ЭТЖ жоғарылауы

■ Емі

- Екі ауруға да этиологиялық терапия қолданады. Тыныс алу мүшелерінің бқйарнамалы ауруларында кең спектрлі антибиотиктерді қолданғанда қолайлы әсер етеді (міндетті түрде туберкулезге қарсы препараттармен бірге әсерлесуін ескеру керек). Кей жағдайларда хирургиялық ем қолданылады.